

Тақырыбы:



Айгөлек тобы: Сагынғали Ә.Е

Әекітемін: *Maya*
Күні: *18.09.2025ж*

Тақырыбы: «Қырыққабат пен қияр» ертегісі

Мақсаты: Ертегіні тындай білуге үйрету; Кейіпкерлерді ажырату, мінезін сипаттау. Сөйлеу дағдыларын дамыту. Есте сақтау, қиялдау қабілеттерін дамыту. Достыққа, сыпайылыққа, қарапайым болуға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

- Қияр мен қырыққабаттың суреттері немесе ойыншықтары
- Ертегіні көрсететін суретті кітап немесе презентация
- Саусақ қуыршақтар (қияр мен қырыққабат бейнесінде)
- Түсті қарындаш, қағаз

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі

– Балалар, бәріміз шеңберге тұрайық. Бір-бірімізге жылы тілек айтып, күлімдеп сабағымызды бастайық.

Психологиялық жаттығу:

«Мен – қиярмын, мен – доспын!»

«Мен – қырыққабатпын, мен – мейірімдімін!»

Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші сурет көрсетеді немесе қолындағы көкөністерді көрсетеді:

- Мынау не?
- Қиярды не үшін жейміз?
- Қырыққабатты ше?
- Екеуі дос бола ала ма?

Кіріспе:

– Ендеше, бүгін біз «Қырыққабат пен қияр» деген қызықты ертегіні тындаймыз.

Ертегіні оқу. Қысқаша мазмұны

Қияр өзін мақтап, қырыққабатты мазақ етеді. Қырыққабат үндемейді, сабырлы болады. Күзде адамдар қырыққабатты жинап алады, ал қияр қалып қояды. Қияр қателескенін түсініп, достығынан айрылғанына өкінеді.

Сұрақтар:

- Қияр қандай болды? (мақтаншақ)
- Қырыққабат қандай? (сабырлы, жақсы)
- Соңында не болды?
- Біз қандай болуымыз керек?

Балаларға негізгі ойды түсіндіру: «Адам қарапайым, достыққа адал болу керек»

Сергіту сәті

Ойын: «Көкөністер билейді»

- Қияр қалай жүреді?
- Қырыққабат қалай айналады?

Музыкамен қимыл-қозғалыс жасау.

Шығармашылық жұмыс

- Қияр мен қырыққабатты бояу (түсқағаз немесе дайын бояу парақшасы);
- Қияр мен қырыққабаттың бейнесін жапсыру (апликация);
- Тәрбиеші көмегімен қысқа көрініс (2 бала – қияр мен қырыққабат кейіпкерлерін сомдайды).

Қорытындылау

- Бүгін қандай ертегі тындадық?
- Қай кейіпкер ұнады?
- Неге достық пен сыпайылық керек?

– Балалар, әрқашан бір-бірімізбен дос болайық, мақтанбай, мейірімді болайық!